

Тоқсанбаев А.К.

PhD докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: almas_0404@mail.ru

**КӨШПЕЛІЛЕР ҚОҒАМЫНДАҒЫ БИЛІКТІҢ
ЖАЛПЫ ТЕОРИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАЙЛАНЫСТЫ
МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМДАР МЕН
ТҰЖЫРЫМДАРДЫ ТАЛДАУ**

Мақалада көшпелілер қоғамындағы биліктің жалпы теориясын қалыптастыруға байланысты методологиялық ұстанымдар мен тұжырымдар талданады. Ғылыми әдебиеттерден көшпелілер қоғамы, ондағы биліктің ішкі құрылымымен байланысты мәселелер ұзақ уақыт бойы түрлі ғылыми пікірталастар нысанына айналып келгенін көруге болады. Бүгінгі таңда, көшпелі қоғамның саяси-әлеуметтік трансформациясының теориялық мәселелерін зерделеу, билік құрылымындағы саяси институттар қалыптасуының негізгі мән-мағынасын анықтау, ондағы әлеуметтік құрылымның өзгерістері туралы методологиялық ұстанымдар мен тұжырымдарды ғылыми тұрғыдан талдау қажеттілігі туындап отыр. Көшпелілер қоғамындағы жеке мүлік, мұралық бөліс, мемлекеттік құрылым, биліктің теориялық аспектілері зерттеу нысанына айналып отыр. Мұндай ой шеңберіндегі зерделеу жұмыстары XVII–XIX ғасырларда Г. Гегель, Ж. Боден, Ф. Вольтер, Д. Дидро, Ж. Кондорсэ, Ж.-Ж. Руссо, А. Смит, А. Тюрго, А. Фергюссон секілді еуропалық ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан. Көшпелілердегі билік жүйесінің марксистік теория ықпалында қарастырған ғалымдардың қатарында Н.А. Аристов, Н.И. Гродеков, Г.Н. Потанин, А.Н. Харузин секілді ғалымдарды көруге болады. К.А. Акишев, З.С. Самашев, Ә.Т. Төлеубаев секілді зерттеушілер ерте көшпелілердегі билік құрылымының болғанын археологиялық зерттеу материалдарымен байланыста зерттеп, патшалық биліктің орын алғанын айтады.

Түйін сөздер: көшпелі қоғам, әлеуметтік құрылым, билік, билеуші бейнесі, билік теориясы, тарихнама, теория, методология, марксистік теория, археология.

Toksanbaev A.K.

PhD doctoral student, al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: almas_0404@mail.ru

**Analysis of scientific concepts and methodological principles of communication
with the formation of the theory of power of a nomadic society**

The article considers the analysis of scientific concepts and methodological principles of connection with the formation of the theory of power of a nomadic society. In the scientific literature, nomadic society and the problems of the internal structure of power have for many years been the center of discussion. At this time, conceptualization of the theory of transformation of the socio-political problems of a nomadic society is emerging, revealing the meaning of the formation of political institutions in the structure of power, as well as the need to analyze scientific concepts and methodological principles on changing social structure in a nomadic society. Problems as personal property, hereditary share, state structure, theoretical aspects of power are manifested in the XVII – XIX centuries, among such scientists as G. Hegel, J. Boden, F. Voltaire, D. Didro, J. Condorcet, J.-J. Russo, A. Smith, A. Turgot and A. Fer-gusson. Along with scientists who consider the power system of nomads with the influences of Marxist theory can be seen in the works of A. Aristov, N. I. Grodekov, G.N. Potanin and also A.N. Kharuzin. A.Kh. Margulan., K.A. Akishev., Z.S. Samashev., T.T. Toleubaevi and other archaeological scientists will examine the power structures of the early nomads, in connection with archaeological data.

Key words: Nomadic society, social structure, power, image of a ruler, theory of power, historiography, theory, methodology, marxist theory, archeology.

Токсанбаев А.К.

PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы., e-mail: almas_0404@mail.ru

Анализ научных концепций и методологических принципов, связанных с формированием теории власти в кочевом обществе

На основе обобщения разных теорий и методологии власти кочевников доказывается, что его универсальной теории не существует. На генезис власти кочевников повлияли разные факторы, положенные в основание: 1) теории завоевания; 2) теории марксизма; 3) теории «кочевого феодализма»; 4) теории государственного строения и т.д. Попытки осмысления закономерностей всемирно-исторического развития предпринимались, главным образом, философами и экономистами XVII–XIX вв. Интерес к проблематике социальной истории номадизма начал возрастать с конца XIX в., в том числе и под влиянием марксистской теории исторического процесса. Большинство ученых XIX – начала XX вв. рассматривали уровень развития кочевых народов как родо-племенной. Возникновение государственности связывалось, как правило, только с военными и политическими способностями вождей. «Завоевательную» теорию поддержали некоторые марксистские теоретики на Западе, которые попытались обосновать этот подход с материалистических позиций. Таким образом, анализ историографии проблемы показывает, что относительно общественного строя кочевников-скотоводов высказывались различные точки зрения. Многие исследователи считают, что политическая централизация, возникновение государственности и империй в степи обуславливались характером взаимодействий номадов с оседлым миром.

Ключевые слова: кочевое общество, социальная структура, власть, образ правителя, теория власти, историография, теория, методология, марксистская теория, археология.

Кіріспе

Қазіргі таңда тарих ғылымы жана методологиялық ұстанымдарға негізделіп және кейінгі жылдары қарқынды жүргізіліп жатқан ғылыми-шығармашылық ізденістердің нәтижелерін қолдана отырып, көшпелілер қоғамындағы биліктің пайда болу, даму үдерістері, биліктің жалпы теориясын талдау мәселелеріне байланысты маңызды нәтижелерге қол жеткізіп келеді. Бұл тенденциялар қазақ халқының этногенезі, мемлекеттілік, билік құрылымы, діни ұстанымдары, тілі және т.б. құрылымдардың қалыптасу мәселелері төңірегінде көрініс тауып отыр. Ұлы Даланы мекен еткен көшпелі халық түрлі тарихи кезеңдерде әрқилы атауларды иелене отырып, өзінің мемлекеттік құрылымын жетілдіре түсті әрі Еуразия даласының саяси-әлеуметтік және мәдени-шаруашылық жүйесіне терең ықпал еткені белгілі. Ғылыми әдебиеттерден көшпелілер қоғамы, ондағы биліктің ішкі құрылымымен байланысты мәселелер ұзақ уақыт бойы түрлі ғылыми пікірталастар нысанына айналып келгенін көруге болады. Бұл көшпелілер қоғамының этносаяси тарихы, экономикасы, мәдениеті, қоғамдық құрылысы, тұрмысының жалпы және жеке-леген аспектілері аясында жүзеге асты. Сонымен қатар, көшпелілер қоғамындағы билік құрылымы, ондағы саяси биліктің теориялық

мәселелері түрлі методологиялық ұстанымдар мен тұжырымдар негізінде сараланғанын көре аламыз. Көшпелілердегі биліктің қалыптасып, дамуының теориялық мәселелерін қалыптасқан тәсілдер негізінде талдаған зерттеушілер арасында да өзара қарама-қайшы пікірлер орын алған. Мұның негізгі көріністерін Еуропалық зерттеушілердің де еңбектерінен байқай аламыз. Аталған мәселе төңірегінде ғылыми пікірталастар өз кезегінде бірнеше іргелі тұжырымдарға келіп тоқтайды. Бүгінгі таңда, көшпелі қоғамның саяси-әлеуметтік трансформациясының теориялық мәселелерін зерделеу, билік құрылымындағы саяси институттар қалыптасуының негізгі мән-мағынасын анықтау, ондағы әлеуметтік құрылымның өзгерістері туралы методологиялық ұстанымдар мен тұжырымдарды ғылыми тұрғыдан талдау қажеттілігі туындап отыр.

Материалдар және методология

Мақаланың теориялық негізі – көшпелі қоғамдағы билік құрылымының жалпы теориясын қалыптастыруға байланысты ғылыми тұжырымдар мен ұстанымдарды, саралап, жеке-леген теориялық көзқарастарды мәліметтерді жүйелеу. Әдістемелік негіз ретінде дәстүрлі зерттеу әдістері қолданылды, оның ішінде мәліметтерді жүйелеу, салыстырмалы талдау,

пікірлер мен ой қорытындыларды топтастыру, билік ұғымының пайда болуындағы белгілі себептерді айқындауға, тақырыпты кеңейтуде бұрын зерттелмеген мәселелерді шығаруға, жаңа идеяларды, пайымдауларды, қорытындыларды талдауға қажетті алғы шарттарды іздеуде нақтыландыру әдістері қолданылды. Сонымен қатар, көшпелілердегі билік туралы тұжырымдамалардың, көзқарастардың, идеялардың хронологиялық сабақтастығын қарастырғанда хронологиялық баяндау тәсілдері жиі қолданыс тапты. Зерттеу тақырыбын бірнеше ықшам проблемаларға бөліп қарастыруда проблемалық-мерзімдемелік зерттеу әдісі қолданылды. Тарихнамалық деректер мен тарихи еңбектерді кезеңдерге бөліп талдауда тарихнамалық мерзімдеу әдісі де қатар қолданылды. Өз кезегінде аталған проблемалық-мерзімдеу және тарихнамалық-мерзімдеу әдістері зерттеудің тереңдігі мен құндылығына оң әсерін тигізді. Тақырыптың мазмұнын ашуда кейбір зерттеушілердің ғылыми тұжырымдары мен ой-пікірлерін қазіргі кезеңнен өткенге қарай жүруін зерттеу мәселесі орын алды. Осы мақсатта мақалада ішінара ретроспективті зерттеу әдісі де пайдаланылды. Зерттеу жұмысымыздың Қазақстан тарихындағы өзекті мәселенің бірі болуымен қатар, мемлекеттік саяси билікке, идеологияға және қоғам дамуындағы сұраныстарға тығыз байланысты болғандықтан мақала барысында тарихнамадағы перспективтілік зерттеу әдісі де қолданылды. Мақалада қарастырылған бірнеше арнайы тақырыптар мен проблемалардың зерттелу жағдайын көруде, олардың өзара байланыстарының басты элементтерін анықтауда тарихнамалық жүйелеу әдісі кең қолданыс тапты.

Жалпы көшпелілер қоғамындағы саяси және әлеуметтік құрылымдардың трансформациялануы, саяси биліктің теориялық мәселелерінің методологиялық талаптары америкалық, еуропалық және ресейлік ғалымдардың зерттеулерін алдыңғы орынға шығарады. Сонымен қатар, Орталық Азиядағы көшпелі құрылымның тарихы, билік жүйесінің теориялық мәселелері күні бүгінге дейін аса маңызды зерделеу нысаны болып келеді. Аталған мәселені зерттеудегі методологиялық тәсілдерді жаңа көзқарастармен және мазмұнмен толықтыру зерттеушінің өзіне, оның зерттеу нысаны аясындағы білім шеңберіне және басқа да көптеген факторларға тәуелді. Отырықшы шаруашылыққа негізделген қоғам үшін көшпелі қоғам әлемі біршама то-

сын, әрі құпия құбылыс болып көрінгені анық. Көшпелі қоғамның ішкі құрылымдық жүйесі басқа мәдени-шаруашылық жүйелерге негізделген тұрғындарды бір мезгілде қорқыта да, қызықтыра да алды. Тіпті атпен адамның біріккен образы – кентавр да осы таңданыс пен қорқыныштың қосындысынан шыққан тәрізді. Көне дәуірдің өзінде-ақ көшпелілердің қоғамдық құрылысы, тұрмыс-салттық ғұрыптары, орналасу ерекшеліктері мен маңызды саяси оқиғалары туралы мәліметтер пайда болып, бірқатары бізге дейін жетіп отыр. Мұндай көне деректер бүгінгі зерттеушілер үшін өте маңызды әрі баға жетпес құнды дереккөзі болып табылары анық. Бірақ көне деректердің көпшілігінде көшпелілер қоғамындағы саяси-әлеуметтік жүйе, билік құрылымы және т.б. қоғамдық мәселелер терең ашылмаған күйі немесе жеке дара там-тұмдалып, ықшамдалған күйі ғана жеткендіктен, кей жағдайларда аталған мәселенің әлі күнге дейін ғылыми ортада қызу пікірталастың ортасында қалып жататынын көреміз.

Қоғамдағы биліктің теориялық мәселелеріне үңілген антикалық ойшылдармен (Платон, Аристотель) қатар, биліктің тек монархиялық үлгісіне алғаш болып терең талдау жасап, өзінің теориялық мәселелерін алға тартқан араб ғалымы Ибн Халдунның шығармалары ерекше назар аудартады. Қоғамдағы билік құрылымын талдауда Ибн Халдун мемлекеттіліктің алғашқы формасы ауылдық құрылымда жасақталып, кейін қалалық үлгіге жалғасады деген тұжырымға келген. Былайша айтқанда қарапайымнан күрделіге қарай жүретін философиялық теориямен сәйкес. Мемлекеттік билікті талдау барысында Ибн Халдун негізгі бес фазасын көрсеткен:

Бірінші, патшалық биліктің пайда болуы. Билеуші бұл жерде өзіне бағынышты халықпен бірге жалпы даңқ, қорғаныс және елді сақтау мәселелерін іске асырады. Ал қоғамның интеграциясы рулық-туыстық байланыстар негізінде жүргізіледі.

Екінші, билеуші бүкіл халықтың үстінен қарайды, бағынышты халық билеушінің ұстанған позициясымен келісімде өмір сүреді.

Үшінші, патшалық биліктің жетістіктері негізінде бейбіт өмір циклі жүзеге асады.

Төртінші, биліктегі тыныштық фазасы. Яғни билеуші көршілерімен соғыспайды, ортақ мәдени-экономикалық қарым-қатынас орын алады.

Бесінші, билеуші өзіне дейінгі билеушілерден қалған мұралық билік пен байлықтан айыры-

лады. Билік басындағы адам қартайды, қолдан қатаң тәртіпке негізделген билік тұтқасы кетеді, барлығы тоқтап, тоқырайды, соңында қайта басынан басталады (Ацамба, 1987: 572). Ибн Халдун ұсынған билік теорияларының негізгі тұжырымы – көшпелі қоғамнан қалалық билікке ұмтылу өте көп шығынды талап етеді, соңында ысырапшылдық әсерінен барлығы бітеді, мемлекеттік билік те өз жұмысын тоқтатады деген ойға саяды.

Жалпы әлемдік тарихи үдерістер мен заңдылықтардың даму сатыларын зерделеуге тырысу көп жағдайда философ, экономистер тарапынан жүзеге асқаны белгілі. Аталған бағыттағы зерттеулерде көшпелілер қоғамындағы жеке мүлік, мұралық бөліс, мемлекеттік құрылым, биліктің теориялық аспектілері көрініс табады. Мұндай ой шеңберіндегі зерделеу жұмыстары XVII–XIX ғасырларды Г. Гегель, Ж. Боден, Ф. Вольтер, Д. Дидро, Ж. Кондорсэ, Ж.-Ж. Руссо, А. Смит, А. Тюрго, А. Фергюссон секілді еуропалық ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан.

Осылардың ішінде көшпелілердегі мемлекеттік билік құрылымының даму үрдістері туралы өзіндік пікірлерімен ерекше көзге түсетін зерттеушінің бірі Г. Гегель. Аталған ғалым көшпелілерді жабайылармен теңеп, оларды қиратушы бағытта дамидыны туралы ойын ортаға салған. Г. Гегельдің ойынша: «Олар күтпеген жерден, жойып жіберуді мақсат тұтқан толқын тәріздес, елдердің мәдениетіне шабуыл жасап, басып алған елдегі билікті құлатып, соңында ешқандай тиімді нәтижеге қол жеткізе алмайды. Мұндай іс-әрекеттер Шыңғыс хан және Әмір Темір уақытында айқын көрініс тапты. Олар барлығын жойды, соңында өздері де сіңісіп жоғалды.» (Коган, 2010: 102.). Көшпелілердегі мемлекеттік биліктің даму үдерістері туралы Гегельдің пікірі көптеген ғалымдар үшін дұрыс көзқарас ретінде қарастырылғаны белгілі. Бірақ бұл пікір Г. Гегельге дейін де зерттеушілер арасында қалыптаса бастағанын байқауға болады. Мәселен француз саясаткері Ж. Боденнің пікірінше табиғат көшпелілерге өжеттілік пен батырлықты бергенімен, ақылды бермеген, осы себептен де олар жаулап алған жерлерін ұзақ уақыт қолда ұстап тұра алмаған, әрі үлкен империя болып өз жалғасын таппаған (Бобкова, 1999: 184-201). Г. Гегель мен Ж. Боденнің пікіріне жақын көзқарастағы ойды Ф. Вольтердің де еңбектерінен көре аламыз. Онда көшпелілер қоғамындағы билік құрылымының саяси-теориялық мәселелері көрініс тапқан. Вольтердің

пікірінше: «..көшпелілер үнемі қозғалыста, көшіп-қону үдерісі нәтижесінде тура бір көбейіп кеткен жабайы аңдардың өз апанынан алыста жүргендей болып көрінеді.» (Тлеугабылова, 2013: 291-293). Вольтердің пікірін қуаттайтын ойлар өз кезегінде Ж. Кондорсенің еңбектерінде байқалады. Кондорсе өзінің теорияларын билеушілердің ағартушылықпен айналысуымен байланыстыруға тырысқан. Осы арқылы қоғамдағы билік құрылымында жетістіктер орын алады. Егер билеуші белгілі бір білім деңгейін меңгермеген болса, қоғамда керісінше жабайылық, бұзақылық, қиратушылық секілді іс-әрекеттер орын алады. Ж. Кондорсенің тұжырымдарынан көшпелілер қоғамындағы билік құрылымында тағылық іс-әрекеттердің орын алуы – билеуші аппаратындағы кемшіліктен бастау алады деген ойды байқау қиын емес. Ж. Кондорсенің пікірінше билік құрылымының басындағылар жоғары білікті, білімді болған жағдайда түрлі техникалық жетістіктер орын алып, ғылыми жаңалықтар ашылады, соның негізінде құқықтық және саяси институттар қалыптасады. Сонымен қатар Кондорсе ұсынған теорияның ішінде адамзаттың дамуы үшін маңызды үш мәселе шешімін табуы тиіс: бірінші, ұлттар арасындағы теңсіздікті жою; екінші, әртүрлі бірлестіктер арасындағы даму үдерістерінің теңдігі, үшінші, адамның өзін-өзі жетілдіруі (Кондорсе, 1936.). Әрине Ж. Кондорсе бұл жерде тікелей көшпелілер қоғамындағы билік мәселесіне жеке тоқталмағанымен, жанама түрде қатысы бар теориялық мәселелер көтерілген.

Көшпелілердегі биліктің кейбір теориялық мәселелері, оның ішінде құқықтық иелену мәртебесі туралы тұжырымдар Ж.-Ж. Руссоның еңбектерінде кездеседі. Руссо көшпелі қоғамда жалпыға ортақ иелену түрі өте қиын болатынын, әрі бұл жағдайға өзінің қарсы екендігін айтқанымен, бәрібір тең құқылы мәртебені де жоққа шығармайды. Байқап отырсақ, Руссоның тұжырымдары біржақты емес. Кей жағдайда тең құқылы жеке иелену мәртебесін қолдаса, енді бірде ортақ меншіктің болғандығын да өз кезегінде дұрыс деп есептейді. Мәселен көшпелі қоғамдағы ең басты құндылық болып саналатын жер иелену мәселесінде Руссо: «..кім бірінші жерді қоршап алып, бұл жер менікі деп айтса, бұл әділетсіз, керісінше жер ортақ, ал оған шыққан өнім жеке иелікке тиесілі десе бұл әділетті» – деп тұжырымдайды (Верцман, 1976.). Руссо сүйенген теориялық ұстаным бойынша, жер иелену құқығы пайда болғаннан кейін, бай мен

кедей арасында теңсіздік орын алды, байлар өз жерлерін қорғау мақсатында кедейлерді жалпы құқықтық ережелерге бағынуға мәжбүрлейді. Біздің ойымызша жер иелену құқығы Руссо тұжырымына сәйкес тек отырықшы тұрғындарда ғана емес, көшпелі қоғамда да ерекше мәнге ие болған, әрі жер иелену бұл мемлекеттік деңгейдегі саяси-құқықтық мәртебеге ие. Бірақ бұл мәселе Руссоның теориялық ұстанымдарда аса терең қарастырылмаған. XIX ғасырдағы саяси-экономикалық ғылымның ірі өкілдерінің бірі А. Смит «үш сатылы» теорияны ұстанып, адамзат тарихын тағылық, көшпелілік және отырықшылық деп бөлген. А. Смиттің тұжырымдауы бойынша жануарлар көшпенділерде бірінші болып қолға үйретіліп, жеке мүлік мәртебесіне енгендіктен, осы аталған қоғамдағы саяси-құқықтық институттар бірінші болып қалыптасады (Смит, 1993). Яғни билік құрылымының алғышарттары бірінші көшпелілерде болған деген ойға саяды. Ал А. Тюргоның пікірінше қоғамның дамуы үш сатыдан тұрады: аңшылар мен терімшілер; көшпелілер және егіншілер. Тюргоның пікірінше көшпелілерде азық-түліктің артықшылығы байқалады және әлеуметтік қоғамдағы ұйымдастырылу мен шаруашылықтың даму көрсеткіштері ерекше болады. Жалпы көшпелілер қоғамының құрылымы, қалыптасу шарттары туралы теориялық мәселелерде шотландық ғалым А. Фергюссонның да тұжырымдары А. Тюргоның ұстанымдарымен өзара көп ұқсастықтарға ие. Бірақ А. Фергюссон бұл мәселеге басқа қырынан қараған тәрізді. Фергюссон әдетте қалыптасқан теория бойынша тағылық, варварлық және өркениет ұғымына біршама өзгерістер енгізуге тырысқан. Варварлықтың жабайылықтан басты айырмашылығы мүліктік меншік құқығы. Варварлық кезең үшін бұл заңмен бекітілмеген болса да, ол жалпы қалау мен қорғау, иелену құқығынан келіп шығады. Сонымен А. Фергюссон мен А. Тюргоның ұстанымдарында көшпелі қоғамның ішкі құрылымдық жүйесі тағылық типте ғана қалыптаспаған деген тұжырымдарды байқауға болады.

Көшпелілер қоғамындағы әлеуметтік құрылым, мемлекеттік билік жүйесі мәселесі XIX ғасырдың соңында марксистік теорияның ықпалында қызығушылық танытып, зерттеу нысанына айналды десе де болады. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы көпшілік орыс ғалымдары көшпелілер қоғамындағы билік жүйесін ру-тайпалық туыстық байланыстар негізінде қарастыра алды. Ал мемлекеттілік,

билік тұтқасын ұстаған көсем мәселесі әскери-саяси бағыттағы жетістіктері аясында анықталып отырды. Көшпелілердегі билік жүйесінің марксистік теория ықпалында қарастырылған ғалымдардың қатарында Н.А. Аристов, Н.И. Гродеков, Г.Н. Потанин, А.Н. Харузин секілді ғалымдарды көруге болады. Дегенмен көшпелілер қоғамындағы саяси құрылымның ұйымдастырылу мәселесіне біршама объективті түрде қараған ғалымдардың ішінде В.В. Радлов көзге түседі. Ол көсем немесе билеуші хан билігі басқа көрші аймақтардағы көшпелілерден қызығушылық туындамайынша ешқандай өзгеріссіз немесе ауыспай ұзақ сақтала алады. Себебі барлық көшпелі халықтардың саяси-әлеуметтік құрылымы бір-біріне жақын, ондағы билік жүйесі билеушінің әулетін күшейтуге негізделген. Сонымен қатар В.В. Радлов даладағы өзгерістер немесе көшпелілер мекен еткен аймақтағы барлық өзгерістер жекелеген рулық бірлестіктердің әлсіреуімен тікелей байланысты деп тұжырымдайды. Ал Н.А. Аристовтың ойынша далалық мемлекеттердің құлауы билік етіп отырған әулеттің әлсіреуімен қатар, басқа да көшпелі туыстардың жеке тәуелсіздікке ұмтылуына да байланысты деген пікірді алға тартады. Жалпы В.В. Радлов пен Н.А. Аристов ұстанған тұжырымдар өзара ұқсас, бір мәселенің төңірегіне топтасқан.

В.В. Бартольд өзінің еңбегінде В.В. Радловтың пікіріне қолдау білдіреді. Ол көшпелілерде құқықтық әділдік жоқ, барлық билік жаулап немесе тартып алумен көрініс табады деген тұжырымын алға тартады (Бартольд, 1968: 27). Бірақ кейінірек В.В. Бартольд «рулық теорияға» негізделген В.В. Радловтың пікіріне сын көзбен қарайды. Яғни даладағы билік құрылымының өзгеріске түсуі немесе ауысуы басқа ру бірлестіктерінің әлсіреуіне байланысты деген тұжырымның әлсіз тұстары бар екендігіне назар аударған. Тіпті В.В. Бартольд көшпелілер империясы белгілі бір рулық әулетті немесе ханның туыстарын күшейтуге негізделген Н.А. Аристовтың тұжырымына да сын көзбен қарайды (Бартольд, 1968: 27.)

Ал В.В. Бартольдтың өзі көшпелілердегі билік жүйесін, ішкі әлеуметтік құрылымын сол көшпелілердің өз ішінде түрлі тайпалар мен рулық бірлестіктерге бөлініп кетуі және бай мен кедей арасында таптық антагонизмнің (қарама-қарсылық) орын алуымен түсіндіреді (Бартольд, 1964:27- 28.).

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында көшпелі мемлекеттердің пайда болуы

«басқыншылық» негізінде жүзеге асады деген теория ғылыми ортада біршама талқылауға түсті. Бұл теорияны жақтаушылардың қатарынан Ф. Ратцель, Л. Гумплович, Ф. Оппенгеймерді көруге болады. Аталған теориялық ұстанымдағы зерттеушілердің пікірінше саяси ұғымның генезисі бір қоғамның екінші қоғамды күшпен бағындырудан барып туындайды. Ал айналасындағыларды жер үшін жаулап алу, салық төлету және т.б. саяси экономикалық үдерістер орын алатын көшпелі халықтарға негізделген бұл теория осы бағыттағы зерттеулерді жақтаушылар үшін бірден-бір кілт көзі болды десе де болады. Мәселен, Ф. Ратцельдің ойынша мемлекет бір ағза секілді дүние. Ол қалыптасады, қартайды, тоқтайды. Бұл даму үдерістері географиялық факторларға тәуелді болып келеді. Жалпы Ратцель барлық мемлекеттерде географиялық экспанция тұжырымы тән болады деген ойды алғаш айтқан. Оның ойынша мемлекеттің шекаралық орналасу шеңбері өзгеріске түссе, ол өмірлік даму циклдеріне сәйкес жүріп жатыр деген сөз. Көшпелілер қоғамындағы мемлекеттің қалыптасуы туралы теориялық мәселелер Ф. Ратцельдің еңбектерінде жанама түрде қарастырылған. Ол мемлекеттік құрылымның дамуына тән жеті заңдылықты алға тартады. Бұл мемлекеттің белгілі бір кеңістікте даму принциптерінің жиынтығы:

1. Мемлекет кеңістігі оның мәдениетімен бірге өседі;

2. Мемлекеттің дамуы әрі қарай түрлі идеялар, сауда қарым-қатынасы немесе барлық тіршілік шеңберіндегі белсенді өсу белгілерінің болуымен көрініс табады;

3. Мемлекеттің дамуы өзінің айналасындағы ұсақ мемлекеттерді өзіне қосып алу нәтижесінде жүзеге асады;

4. Шекара бұл мемлекеттің шеткі ағзасы, ол мемлекеттің дамуының басты көрсеткіштерінің бірі немесе жалпы ағзадағы (мемлекеттегі) өзгерістер мен әлсіреудің белгісі;

5. Мемлекет физикалық қоршаған ортаның барлық бағалы элементтерін өзіне қосып алуға ұмтылады: жағалық сызықтар, өзен салалары, табиғаты бай аудандар және т.б.

6. Шекаралық өсудің басты қозғаушы күші маңайдағы даму сатысы төмен мемлекеттердің есебінен іске асады;

7. Бірігу тенденциясы бұл үнемі қозғалыста, біріншіден екіншіге ауысатын көбіне көшпелі немесе жартылай көшпелі қоғамға тән құбылыс.

Сонымен Ф. Ратцельдің ұсыныстарына назар аударып қарайтын болсақ, жалпы мемле-

кеттіліктің пайда болуы мен қалыптасу үдерістеріне қатысты пікірлері әлемнің даму заңдылықтарына соншалықты қайшы емес деуге болады. Оның ішінде көшпелі қоғамдағы мемлекеттіліктің қалыптасуы мен дамуы мәселесінде ұсынған теориялық тұжырымдарының кейбіреулерімен ішінара келісуге болады. Көшпелі мемлекеттік құрылым өндірістік жүйенің ерекше түрі болғанымен, әлеуметтік қарым-қатынас пен қоғамдық ұйымдастырылуы да өз алдына күрделі болып табылады. Ф. Ратцельдің пікіріне жақын ойларды Л. Гумпловичтің зерттеулерінен де көруге болады. Ол адамның өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін екі іргелі қарама-қайшы әрекетке барады. Біріншісі еңбек арқылы, екіншісі тонаушылық немесе басқа біреудің еңбегін пайдалану. Бірінші әрине экономикалық амал, ал екіншісі саяси амал болып табылады. Яғни Л. Гумпловичтің пікірінше көшпелілерде мемлекеттік саяси амалдың ұйымдастырылуы негізінде пайда болған. Сонымен қатар, оларда уақыт өте келе таптық айырмашылықтар пайда болып, соның негізінде құлдық немесе құл иелену ісі дамыған. Л. Гумплович көшпелі-жауынгерлерде құлдық иелену бұл мемлекеттің ұрығын сепкенмен бірдей деген тұжырымға тоқтайды. Яғни жер шаруашылығымен айналысқан шаруа еркін жүрген жауынгер топтың қол астына түскенде барып оған бағынады, салық төлейді. Осы үлгіге ұқсас викингтердің теңізде жүріп ақ мемлекет құрып, билік жүйесін жасақтағанын білеміз. Жалпы көшпелілердегі мемлекеттік билік құрылымы туралы Л. Гумпловичтің ойлары өз кезегінде Ф. Оппенгеймердің еңбегінде көрініс тауып, көшпелілердегі мемлекеттің пайда болуы туралы теориялық мәселелерде ортақ үйлесім тапқан. Бұл жөнінде Оппенгеймер көпшіліктің азшылықты жұтып қоятыны, бір мемлекет немесе тайпалық бірлестік уақыт өте келе өндіріс пен жерге мұқтаждықтан екінші ұсақ мемлекеттің жойылуына алып келеді деген пікірін алға тартқан (Oppenheimer, 1975: 208.).

Мемлекеттердің саяси генезисі мәселесі уақыт тезіне орай негізгі назарын күрделі қоғамның пайда болуының экономикалық тұстарына аударған марксистік тарихнаманың да қызығушылығын тудырғаны ғылыми әдебиеттерден белгілі. Яғни басқару формасы азшылық топтың қолында, ал көпшілік белгілі бір шешімдер қабылдау ісінен алшақ ұсталады. Басқаша айтқанда К. Маркс мемлекет пен таптық мәселесін бірге қарастырды. Негізгі теориялық тұжырымның бірі бұл мемлекет аз

топтың еңбек көзі болып табылатын көпшілікке билік жүргізуші машина тәріздес деген ұғымға саяды (Магх, 1955.). К. Маркс өз кезегінде Ф. Энгельспен бірге мемлекеттің және ондағы билік құрылымының пайда болуының негізгі себептеріне қатысты екі басты тұжырымын алға тартқан. Ф. Энгельс өзінің «Антидюринг» атты еңбегінде мемлекет, ондағы билік құрылымы және таптық бөліністің пайда болу себептерін басқарушы топтың басқыншылық саясат жүргізу негізінде, жалпы халыққа өктемдік жасаумен байланыстырған (Engels, 1931). Бірақ Ф. Энгельс өзінің «Семья, жеке меншік және мемлекеттің пайда болуы» атты еңбегінде саяси-генезистің басқа көрінісін сипаттайды: оның ойынша экономиканың дамуы өндірістің үлестің үстемелі түріне өтіп, таптық бөлініске алып келеді. Үстемдік етуші таптар мемлекетті құруда алдымен құл иеленудің түрлі сипаттағы түрлерін жасақтайды, одан кейін феодалдық даму сатысы, кейін капиталистік даму түріне өтеді (Engels, 1986.). Жалпы марксистік зерделеу еңбектерінде мемлекеттің пайда болу мәселелері турасында күні бүгінге дейін К. Маркс пен Ф. Энгельстің ұсынған үш теориялық тұжырымдары көрініс тауып келеді:

1) бағынышты халықтың территориялық белгілері бойынша бөліну;

2) халықпен ешқандай саяси генезисі тұрғысынан сәйкес келмейтін басқару мекемелерінің болуы;

3) салықтың болуы (Engels, 1986.).

Көшпелілердегі мемлекеттік биліктің «жаулап алу» негізінде құрылған деген марксистік теориясын батыстық теоретика ғалымдар қолдап, бұл мәселеге материалистік әдістер негізінде тоқталады. Дегенмен олардың ойынша көшпелілер өздігінен мемлекеттілік құрудың басты кедергілерінен толық өте алмаған деген тұжырымға тоқтайды. Мұндай пікірдегі теоретик ғалымдардың қатарынан К. Каутский, Г. Кунов секілді ғалымдарды көре аламыз.

Карл Каутскийдің ойынша мемлекет жаулап алу аппараттарының негізінде басып алған жерде құрылады. Жеңіске жеткен тайпаның негізінде билік құрылымы қалыптасады, яғни билеуші тап құрылады, ал жеңілген тайпаның негізінде жергілікті бағынышты халық қалыптасады (Брайович, 1982.). Жалпы Каутский өзінің ғылыми көзқарастарын марксистік теорияларға негізделген таптық жүйемен байланыстыруға ұмтылған секілді. Бірақ К. Каутскийдің тұжырымына назар аударатын болсақ, марксистік теориялардан аздап өзгешелігі бар, яғни оның ойынша таптық жіктеліс мемлекет құрылғаннан

кейін пайда болады. Ал марксистік теорияда тап бірінші пайда болуы тиіс.

Жалпы көшпелілер қоғамындағы биліктің теориялық мәселелері кеңестік кезеңдегі тарихи әдебиеттерде белсенді талқылауға түскені белгілі. Н.Н. Крадин көшпелілердің қоғамдық құрылысы, мемлекеттік билік құрылымы туралы зерттеулерді хронологиялық тұрғыдан жіктеп, жалпы үш кезеңге топтайды.

Бірінші кезеңі 1920 жылдардың басынан 1930 жылдардың басына дейінгі аралықты қамтиды. Аталған кезеңде кеңестік ғылымның қалыптасып, енді орнығып келе жатқан уақыты болғандықтан, көшпелілерді зерттеушілердің ұстанымдары аздап шашыраңқы болды деуге болады. Мәселен С.А. Семенов-Зусер, А. Сокольский, К.М. Тахтарев, А.П. Чулошников және басқа да зерттеушілердің пікірінше көшпелілер қоғамында таптық жіктеліс болмағанын алға тартады. Ал енді В.С. Батраков, М. Буров-Петров, П. Погорельский секілді келесі бір зерттеушілер тобы көшпелілер қоғамындағы таптық жіктелістің болғанын жақтайды. Үшінші топ көшпелілердегі «тайпалық мемлекет» феодализмге өтпелі кезеңнің бірі деген теорияны ұсынды. Мұндай тұжырымдарды біз П.И. Кушнердің еңбектерінен көре аламыз. Зерттеушілердің енді бір тобы көшпелілер қоғамының табиғи жағдайы сыртқы қарым-қатынас үдерістеріне негізделген деген тұжырымдаманы ұсынды. Біз мұндай теориялық ұсынысты Ю.В. Готьенің зерттеулерінен көре аламыз.

С.А. Семенов-Зусердің ойынша әртүрлі кезеңдерде өмір сүрген көшпелілер қоғамының әлеуметтік жүйесінде туыстық байланыстар ең бірінші орында тұрған. Яғни туыстық құрылымды өндірістік күштің негізінде кейбір элементтерін ғана өзгерткен күйі, жалпы болмысын ғасырлар бойына сақтап қалады (Семенов-Зусер, 1931).

К.М. Тахтарев көшпелілердегі мемлекеттік билік құрылымының қалыптасуы туралы ойларында мынадай тұжырым жасаған: «.. Бұл адамзат қоғамындағы өте күрделі, әрі жаңа үдерістің қалыптасуы болып табылады. Өндірістің жүйесі өзіне жеткілікті адамдар жиынтығын бақылауда көшпелі қоғамды алдымен байқауға болады.» (Кареев, 1996: 261-271.).

А.П. Чулошников көшпелі қоғамның саяси-әлеуметтік құрылымындағы таптық жіктеліс терең болмағанын айтқанымен, билік басында ақсүйектік топтың тұратынын айтып, Шыңғыс хан заманындағы оқиғалармен мысал келтіреді. Біздің ойымызша А.П. Чулошниковтың көшпелі қоғамдағы билік құрылымының негізін

анықтауда өзіндік теориялық тұжырымдары болғанымен, нақты мысалдар мен оқиғалар ол тұжырымдарына біршама қарама-қайшы келеді (Чулошников, 1924).

В.С. Батраков Кеңестік ұжымдастыру кезеңіндегі көшпелі тұрмыстағы қазақтардың отырықшы тұрмысқа негіздеу мәселесінде қазақ халқының көшпелі қоғамындағы таптық жіктелістің ерекше орын алғанын алға тартқан. Жалпы В.С. Батраковтың пікірлері саяси жағдайда жазылғандықтан, көпшілік тұжырымдары қазіргі тарихи көзқараста сын көтермейтін секілді. Осы тұрғыдан алып қарағанда, П.И. Кушнер кеңестік кезеңдегі этнографиялық зерттеулерінде социалистік идеологияның теориялық мәселелеріне тоқталып (Алымов, 2005: 112.), мемлекеттің құрылу және қалыптасу мәселелері, сонымен қатар таптық жіктеліс пен оның нәтижелері туралы біршама пікір білдіргенімен, жалпы идеясы мен мақсаты В.С. Батраковтың тұжырымдарымен ортақ деуге болады.

Көшпелілер қоғамындағы мемлекеттік билік теориясын талдап, аталған мәселеге орай өздерінің ғылыми тұжырымдарын ұсынған зерттеушілердің келесі бір тобы Б.Я. Владимирцов пен Н.Н. Козьмин, С.П. Толстов болып табылады. Көшпелілердегі биліктің теориялық мәселелері академик Б.Я. Владимирцовтың зерттеулерінде қарастырылып, бірқатар ғылыми тұжырымдар айтылғанымен, ғалымның зерттеулері аяқталмаған күйі қалды. Ол ХІ-ХVІІІ ғасырлардағы моңғолдардың көшпелі өмірін зерттей келе, әрі өзінің нарративті пікірлерін түрлі құжаттық деректермен баяндайды. Деген Б.Я. Владимирцовтың көшпелі тұрмыстың әлеуметтік құрылымы, билік жүйесіндегі құқықтық мәселелері толық ашылмай, жекелеген пікірлердің аясында қалған (Владимирцов, 1934.). Мәселен, моңғолдардың қоғамдық құрылымына талдау жасауда, көне моңғол тайпалары туралы жазба деректер, көшпелі тайпалардың тарихи даму сатылары мен кезеңдері, тұрмыстық-шаруашылық жүйесі, рулық тайпалық бірлестігі секілді мәселелерге талдау жасаумен қатар, көшпелі қоғамдағы таптық жүйе, төменгі класс пен жоғарғы класс деп халықты жікке бөліп, жоғарғы кластағы билікке барудың ережелері сараланған. Біздің ойымызша Б.Я. Владимирцов бір халықтың тарихи құрылымын талдағанымен, жалпы көшпелі өмірдің ортақ атрибуттары аталған мәселелердің басқа да көрші көшпелі тайпалармен ортақ болып келеді.

Н.Н. Козьмин көне түркілердің VI-VІІІ ғасырлардағы қоғамына талдау жасаған. Ғалым көне түркілердің қоғамдық құрылысын көшпелілердегі феодалдық қарым-қатынас контекстінде қарастырады. Жалпы көшпелілердің қоғамдық құрылысы, әлеуметтік құрылымы, саяси-экономикалық жағдайы туралы Н.Н. Козьминнің екі еңбегі жарияланған. Онда көне түркілердегі жер шаруашылығының да өрістегенін алға тартқан. Жалпы бірқатар зерттеушілер Н.Н. Козьминнің көшпелілердегі мемлекеттік билік теориясына қатысты пікірлерінде, сонымен қатар оның зерттеу методологиясында сын көзбен қарайтын кемшіліктер бар екендігін айтады (Тишин, 2015: 83-90.).

С.П. Толстов өзінің «Генезис феодализма в кочевых скотовладельческих обществах» (Толстов, 1934: 171-199.) атты мақаласы және «Древний Хорезм» (Толстов С.П. Древний Хорезм. М., 1948. – 352 с.) атты іргелі монографиясында көне түріктердің әлеуметтік-саяси құрылымының теориялық мәселелеріне талдау жасаған. Сонымен қатар өзінің басқа бір зерттеу еңбектерінде көшпелілердегі мемлекеттіліктің теориялық мәселелері қарастырылған. Жалпы С.П. Толстов марксистік-лениндік теорияларға сәйкес, көшпелілердегі мемлекеттілік антогонистік сипаттағы таптық қоғам негізінде өрістеді деген тұжырымдарды алға тартады. Аталған ғалым өз зерттеулерінде түркі қағанаттарының қоғамдық құрылысында құл иеленушілік жүйе дамығандығын, билік құрылымы таптық қарым-қатынастың негізінде жүретіндігін алға тартады. Бұл тұжырымдарға жақын ойларды біз А.Н. Бернштамның да еңбектерінен көре аламыз. Жалпы зерттеу жұмыстарын саралай келе, аталған екі ғалымның да көшпелілердегі мемлекеттік жүйенің берік орныққаны туралы пікірді қолдайтындарын байқаймыз.

Л.Н. Гумилев өзінің зерттеулерінде көшпелі қоғамдағы әлеуметтік құрылыс, мәдени-шаруашылық жүйеге қатысты теориялық мәселелерді жиі көтеріп, бірқатар маңызды тұжырымдарын алға тартады. Бірақ еуропалық кейбір ғалымдардың пікірінше Л.Н. Гумилевтің көшпелілер туралы пікірлері тым қатты идеологиялық негізде, биологиялық детерминизм көп жиі мысал ретінде алынған деген пікірлер бар (Ларюэль, 2006: 36-43.). Дегенмен Л.Н. Гумилевтің зерттеулерінде көшпелілердің мәдени-шаруашылық жүйесі, қоғамдық құрылысы туралы мәселелер объективті түрде қарастырылған. Оның ішінде көшпелі қоғамның тұрмыстық құрылымының қалыптасу, эксплуатациясы

тация мәселелерін айтуға болады (Гумилев, 1972: 44-52). Ғалымның ғұн державасының саяси-генезисі, көшпелі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері, тарихи-мәдени орны, сыртқы саяси іс-әрекеттерінің кешенді факторлары туралы қорытынды ойларына талдау жасау негізінде, аталған мәселелерді зерттеудегі қолданған методологиялық тәсілдерін жалпы көшпелі қоғамның құрылымын зерттеуде қолдану өзінің тиімділігін көрсетеді деп ойлаймыз.

Монғолдардың тұсындағы мемлекеттік құрылымға дербес ұлыстық жүйе туралы, зерттеуші Г. Федоров-Давыдов Шыңғыс хан империясының әскери қуатын жабайы көшпелілерден тұрғандығынан емес, ұйымдасқан мемлекеттің болғандығымен түсіндіреді (Федоров-Давыдов, 1981: 191.).

Қазақ халқының шығу тегі мен қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу мәселелерінде ғалым адам баласы қазақ сахарасында пайда болып, өмір сүрген тайпалар белесі, сақ-ғұндар заманасы, түркі тектес тайпалар дәурені, қыпшақ белесі, мұңғыл үстемдігі, қазақ хандықтары, халық, ұлттың қалыптасуы мәселелеріне зерттеу жүргізген М. Қозыбаев, өз кезегінде мемлекеттілік болу үшін қандай белгі-нышандар керек екендігін айтқан. Оның ішінде: «Ұлы далада мемлекеттік құрылымдар, тайпа одақтары мен қағанаттар Еуропадан ерте пайда болған, қазақ хандығында мемлекетке тән негізгі белгілердің барлығы да көрініс тапқан» – деп тұжырымдады (Қозыбаев, 1998.).

С. Зимановтың «қазақ хандығының мемлекеттік құрылымы әлсіз зерттелген» деген пікірі әлі де өзектілігін жоған жоқ (Зиманов, 2009: 80). Бұл әсіресе, 2015 жылы қазақ мемлекеттілігінің 550 жылдығын атап өту барысында өзінің өзектілігін арттыра түседі. Қазақ қоғамындағы хан билігінің ұйымдастырылуы жайында хан билігіне жүктелетін мынадай міндет керліктерді бөліп көрсетеді: хан және басқа да билеушілер пайдасы үшін тұрғындардан салықтың және басқа да алымдардың жиналуын қамтамасыз ету; ресми ішкі және сыртқы саясатты жүзеге асыру; тәртіпті қамтамасыз ету; көршілердің территориясын алу үшін соғыстар жүргізу және өз шекараларын қорғау (Зиманов, 2009: 80-81). Бұл жерде еңбектің кеңес билігі тұсында жазылуына орай үстем болған бірқатар идеологиялық бағыттар айқын байқалады. Атап айтқанда, алым-салықтар мәселесінде «салықты хандар халықтан өз пайдасы үшін жинады», немесе ішкі және сыртқы саясатта негізінен «феодалдық топтардың мүддесі көзделді» деген пікірлерді

анық көреміз. Енді осы міндеттерді орындау төмендегі мәселелер маңызды орын алғандығын айтады: біріншіден, қоғамнан арнайы ерек-тенген және басқару ісінде маманданған адамдардың ерекше тобы (сұлтандар, билер, старшындар); биліктің материалдық қорлары (аппарат, әскери жасақтар, өз жауынгерлері бар батырлар); экономикалық санкциялар (Зиманов, 2009: 81). Қазақ қоғамындағы саяси құрылым жайында талдай келе, кейінгі орта ғасыр және жаңа замандағы Қазақстандағы саяси құрылым жайында былай тұжырым жасайды: биліктің түрлі сатылары арасындағы қарым-қатынаста төменгі органдардың жоғарыдағыларға қарағандағы әкімшілік тәуелділігіне қарағанда вассалдық қатынас болды; жергілікті саяси автономия орталық, яғни хандық билікке қарағанда күштірек болды; көшпелілердің төменгі топтық құрылымын құрайтын ауылдар мен қауымдарда старшындар билігі жұртшылықпен байланыста болды және бірқатар «халықтық» институттарға сүйенді.

Қазіргі таңда отандық зерттеулерде «Ұлы дала» ұғымы кеңінен еніп, ғылыми әдебиеттерде де қоғамдық басқа зерттеулерде де жиі қолданылып жүргені белгілі. Кейбір зерттеулерде бұл атау «еуразия континенті» деген географиялық негізде де атала береді. Еуразия континентінің орталық бөлігі, оның ішінде Карпат таулары мен Қара теңіздің солтүстік жағалауларынан бастап Тынық мұхитқа дейінгі ұлан ғайыр атырап осы «Ұлы даланың» еншісіне кіретін аймақ болып табылады. Мұндай ұшы қиыры жоқ аймақтағы өмір сүрудің негізгі белгісі мәдени-шаруашылық жүйенің қамтитын аумағының үлкендігімен көрініс тауып отырды. Далалық халықтар өзге көршілерінен түрлі географиялық шекаралар арқылы белгіленіп, қорғаныс аймағын да құра алды. Даладағы жылдам көшіп-қону, қозғалыстың тез әрі тиімді жолдары өмірге келіп, даму сатыларынан өтті. Мұндай саяси негіздегі халық та ортаның жағдайына бейімделіп, өздерінің қамтитын аймағын ұлғайтуға үнемі ұмтылып отырғанын білеміз. Ұлы дала тұрғындары түрлі климаттық өзгерістер, этникалық өзгерістер, әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты шаруашылықтың отырықшы, жартылай көшпелі және көшпелі түрлеріне бейімделіп, соның негізінде мемлекеттік дәрежеге де жеткені анық. Археолог ғалым К.А. Акишев Қазақстан территориясындағы көшпелі мал шаруашылығының жүйесі қола дәуірінің соңы мен темір дәуірінің басында, б.з.д. IX–VII

ғасырларда қалыптасып, түрлі даму сатыларынан өткенін айтып өткен. Сонымен қатар көшпелі қоғамдағы билік құрылымының да шаруашылық жүйесіне қарай, дала заңдарына сәйкес жүйесі қалыптасқанын айтады (Акишев, 2013: 7-11.).

Көшпелілер қоғамындағы биліктің теориялық мәселелеріне назар аударып, жерлеу орындарынан табылған жәдігерлер ғұрыптық нышандар негізінде талдау жасаған археологтардың ішінде Ә.Т. Төлеубаев және З.С. Самашевтың зерттеулерін атап өтуге болады. Ондағы жүргізілген ғұрыптық жоралғылар, салт-дәстүрлер, жерлеу орнының таңдалуы мен құрылыстық ерекшеліктері әлеуметтік ортада билеушінің ерекше мәнге ие болғанының дәлелі бола алады. Мәселен, сармат ескерткіштерін зерттеуде билеушінің жанынан соғыс қарулары, алтын бұйымдармен қатар абыздарға тән аса таяқтың табылуы, көне сарматтардың дәстүрлі қоғамындағы билеушінің аса үлкен құрметке ие болуымен қатар, оның жаратушының жердегі өкілі секілді түсініктермен ортақ көрініс беруін археолог З.С. Самашев жазады (Самашев, 2007: 15-121). Сармат халықтарындағы билеушінің билік тұтқасын ұстауымен қатар абыз қызметін атқаруы оның қоғамдағы беделінің орасан зор болғандығын көреміз. Әрине халық арасында билеушінің бейнесін діни наным-сенім арқылы жоғары етіп көрсету, биліктің халықаралық саяси аренадағы позициясына да көп әсер ететінін анық. Осыған ұқсас мәселе Шілікті даласын зерттеген Ә.Т. Төлеубаевтың зерттеулерінде көрініс тапқан. Шілікті даласындағы сақтардың қоғамындағы билеушінің ролі, жалпы сақтардың мемлекеттілігі жөнінде Ә.Т. Төлеубаевтың зерттеп, жерлеу қорымдарынан табылған көп мөлшердегі алтын бұйымдар, оның ішінде «бес жұлдызды» алтын жүзктің биліктің белгісі екендігін, сақ қоғамындағы билеуші бейнесінің өте жоғары деңгейде болғандығын айтады (Төлеубаев, 2004: 326-334). Ә.Т. Төлеубаевтың зерттеулерін талдау барысында, сақ қоғамындағы мемлекеттіліктің нышандары оның сол кездегі қоғам алдындағы беделімен тікелей байланысты екендігіне назар аударғанын көреміз. Яғни сақ билеушісінің тірі күнінде алтынмен апталып, өте жоғары деңгейде көрсетілуі, сонымен қатар қайтыс болғаннан кейін де оны ақырғы сапарға шығарып салуда басқа қатардағы адамдарға қарағанда, әлдеқайда үлкен құрмет көрсетілуінің негізгі мазмұны халық арасында билеушінің ерекше қасиетке ие екендігін, оның жаратушымен байланысы бар немесе ерекше жаратушының

құрметіне ие болған адам деп көрсету ұғымдары жатқан секілді. Тура осы пікірлердің біз З.С. Самашевтың Берел қорымдарын зерттеудегі нәтижелерінен тағы да көре аламыз. З.С. Самашев Берел қорымынан (№11 оба) табылған 13 жылқымен бірге жерленген ер мен әйелдің барлық инвентарлары олардың билеуші екендігін, әрі айнасына қойылған заттар мен ақыреттік бұйымдары жерленген адамдардың тірі кезінде үлкен билікпен қатар діни ғұрыптық ұғымдарында үлкен ролге ие болғандығын айтады. Оның негізгі дәлелі ретінде табыттың басына қойылған билеуші символының бірі болып табылатын самұрық құсының ағаштан ойған бейнесі, арнайы ғұрыптық ыдыстар мен жылқылардың билеушінің немесе өз иесін жорыққа алып бара жатқандай кейіпте жерленуі және басқа да көптеген мысалдары билеушінің бейнесін анықтап тұрғанын байқатады (Самашев, 2000: 20-36.). Ә.Т. Төлеубаев көшпелі қоғамдағы биліктің пайда болуы, қалыптасу үдерістерін және билеуші бейнесінің қалыптасуының көне бастауларын көне сақ заманындағы патша обаларындағы алтынмен апталып жерленген билеушілерден іздейді (Төлеубаев, 2006, 214-217). М. Хабдуллина мемлекеттік теориясын зерттеудің жаңа тәсілдерін көрсете отырып, билік жүйесіндегі билеушінің алатын орны туралы мәселелерге шет елдік және отандық зерттеушілер ұсынған теориялар негізінде талдау жасаған (Хабдуллина, 2006: 217-223).

Қорытынды

Көшпелілер қоғамындағы биліктің жалпы теориясын қалыптастыруға байланысты методологиялық ұстанымдар мен тұжырымдарды талдау барысында, жоғарыда аталған ғылыми көзқарастардың барлығы әртүрлі сипаттағы оқиғалардың жиынтығы түрінде көрініс тапқанын көре аламыз. Оның ішінде мемлекеттік биліктің түрлі жағдайлардың ықпалына тәуелді қалыпта дамитыны, сол жағдайлардың негізін зерттеуде қолданылған ғылыми әдіс-тәсілдер мен қалыптасқан теориялық тұжырымдар да кейде бір-бірін толықтырып жатса, енді бірде қарама-қайшылыққа душар болып жатады. Жалпы мемлекеттік билік құрылымының пайда болып қалыптасуы туралы ғылыми теорияларды талдауда келесідей басты тұжырымдар алдымен көзге ұшырасады:

1-қоғамдық жұмыстарды жүргізуде қолданылған басқару түрлері мен ұйымдастыру тәсілдеріне тікелей байланысты;

2-көшпелі халықтардағы мемлекеттік билік құрылымының қалыптасуы тікелей саяси-генезис тұрғысынан алып қарағанда жаулап алу мен басқыншылық соғыстарға байланысты;

3-мемлекеттік биліктің ұйымдастырылуы өндірістік күштердің көбеюіне байланысты әлеуметтік жағдайдың күрделенуін жеңілдету;

4-қоршаған орта мен табиғи ресурстар сарқылуы немесе осы гео-саяси жағдайға бәсекелестік.

Аталған тұжырымдардың ішінде екінші және төртінші кезектегі теориялық пайымдаулар көбіне еуроцентристік көзқарастағы зерттеушілер мен марксистік теорияларға негізделген зерттеулерде көрініс тапқан. Отандық ғалымдар мен соңғы жылдары жүргізілген зерттеулер негізінде қалыптасқан теориялық ой-пікірлер бірінші және үшінші теориялық пайымдаулармен өзара үндеседі.

Қоғамдағы биліктің теориялық мәселелеріне үңілген антикалық ойшылдармен қатар, биліктің тек монархиялық үлгісіне алғаш болып терең талдау жасап, өзінің теориялық мәселелерін алға тартқан араб ғалымы Ибн Халдунның шығармаларында мемлекеттіліктің алғашқы формасы ауылдық құрылымда жасақталып, кейін қалалық үлгіге жалғасады деген тұжырым салтанат құрады. Былайша түрде айтқанда «қарапайымнан күрделіге қарай» жүретін философиялық теориямен сәйкес.

Әлемдік тарихи үдерістер мен заңдылықтардың даму сатыларын зерделеуге тырысу көп жағдайда философ, экономистер тарапынан жүзеге асып, көшпелілер қоғамындағы жеке мүлік, мұралық бөліс, мемлекеттік құрылым, биліктің теориялық аспектілері XVII–XIX ғасырларды Г. Гегель, Ж. Боден, Ф. Вольтер, Д. Дидро, Ж. Кондорсэ, Ж.-Ж. Руссо, А. Смит, А. Тюрго, А. Фергюссон секілді еуропалық ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан. Аталған ғалымдар зерттеулері жоғарыда аталған төрт негізгі тұжырымдар жиынтығының екінші және төртінші бөлігімен ұқсастықтары көп.

Көшпелілердегі билік жүйесінің марксистік теория ықпалында қарастырған ғалымдардың қатарында Н.А. Аристов, Н.И. Гродеков, Г.Н. Потанин, А.Н. Харузин секілді ғалымдарды көруге болады. Аталған ғалымдар келтірген ғылыми тұжырымдар мен көшпелілердегі мемлекеттілік мәселесінде ұстанған теориялық ұстанымдары

билікте абсолюттік монархияға тән белгілердің нышаны көп екендігімен ерекшеленеді.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында көшпелі мемлекеттердің пайда болуы «басқыншылық» негізінде жүзеге асады деген теория ғылыми ортада біршама талқылауға түсті. Бұл теорияны жақтаушылардың қатарынан Ф. Ратцель, Л. Гумплович, Ф. Оппенгаймерді көруге болады. Аталған теориялық ұстанымдағы зерттеушілердің пікірінше саяси ұғымның генезисі бір қоғамның екінші қоғамды күшпен бағындырудан барып туындайды. Ал айналасындағыларды жер үшін жаулап алу, салық төлету және т.б. саяси экономикалық үдерістер орын алатын көшпелі халықтарға негізделген бұл теория осы бағыттағы зерттеулерді жақтаушылар үшін бірден-бір кілт көзі болды десе де болады.

XX ғасырдың 20-30 жылдары жүргізілген зерттеулерде көшпелілердегі таптық жіктеліс туралы мәселелер жиі көрініс тауып, осы иеологияның ықпалында ғана қарастырылумен ерекшеленеді. Мұндай ұстанымдағы ғалымдардың қатарынан С.А. Семенов-Зусер, А. Сокольский, К.М. Тахтарев, А.П. Чулошников және басқа да зерттеушілерді көре аламыз.

Көшпелілер қоғамындағы мемлекеттік билік теориясын талдап, аталған мәселеге орай өздерінің ғылыми тұжырымдарын ұсынған зерттеушілердің келесі бір тобы Б.Я. Владимирцов пен Н.Н. Козьмин, С.П. Толстов болып табылады. Аталған зерттеушілердің ғылыми теориялық негізгі көшпелі халықтардағы жеке әулеттік басқарумен өте ұқсас.

К.А. Акишев, З.С. Самашев, Ә.Т. Төлеубаев, М.Ф. Хабдуллина секілді зерттеушілер ерте көшпелілердегі билік құрылымының болғанын археологиялық зерттеу материалдарымен байланыста зерттеп, патшалық биліктің орын алғанын айтады.

Қорыта келе айтарымыз, көшпелі қоғамдағы биліктің жалпы теориясын қалыптастыруға үлкен үлес қосқан зерттеулер бір мақала аясына сыймайтыны анық. Сол себептен біз өзіміздің зерттеулеріміздің кейбір нәтижелерін жеке дара сараптап шыққанымызбен, толық мағлұматтар жиынтығын жариялауға әлі ерте секілді. Көшпелі халықтардағы биліктің пайда болуы мемлекеттің өндірістік күшіне, гео-саяси жағдайына тікелей байланысты.

Әдебиеттер

- Ацамба Ф.М. (1987). Социально-экономические воззрения Ибн Хальдуна . Всемирная история экономической мысли: В 6 томах. Москва, Мысль. Т. I. 680 с.
- Коган Л.С. (2010). Проблемы социально-экономического строя кочевых обществ в историко-экономической литературе (на примере дореволюционного Казахстана). Москва. С. 102.
- Бобкова М. С. (1999). Исторический метод Бодена как способ теоретического осмысления прошлого . Диалог со временем. Альманах интеллектуальной истории. Вып. 1. Москва. С. 184 – 201.
- Тлеугабылова К.С., Беркинбекова А.М. (2013). Уникальная роль кочевников в процессе развития человеческой духовности и цивилизации . Молодой ученый. №2. С. 291-293.
- Кондорсе, Ж.-А. (1936). Эскиз исторической картины прогресса человеческого разума. Москва – Ленинград: Соцэкгиз. 346 с.
- Верцман И.Е. (1976). Жан-Жак Руссо. Москва, Наука. 136 с.
- Смит А. (1993). Исследование о природе и причинах богатства народов. Москва: Наука. 572 с.
- Бартольд В.В. (1968). Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. Лекция. VI. . Сочинение – Т.5. Москва. 568 с.
- Бартольд В.В. (1964). Сочинение. Т.2.-Ч.2. Москва 522 с.
- Oppenheimer F. (1975). The State. N.Y. : Free Life Editions. 208 p.
- Marx K. (1955). Manifesto of the Communist Party Vol. 4. Moscow: Nauka.
- Engels F. (1931). Anti-Dühring Vol. 14. Moscow. Nauka.
- Engels F. (1986). Origin of the Family, Private Property and the State. Moscow: Politizdat.
- Брайович С.М. (1982). Карл Каутский – эволюция его воззрений. Москва: Наука. 231 с.
- Семенов-Зусер. (1947). Опыт историографии скифов. Харьков: Мистецтво. 1 т. 374 с.
- Кареев Н.И. (1996). Основы русской социологии. Санкт-Петербург, Из-во: И. Лимбаха. – С. 261-271.
- Чулошников А.П. (1924). Очерки по истории Казак-Киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. Ч.1 . Оренбург: Киргизское гос. изд-во. 290 с.
- Альмов С.С. (2005). Павел Иванович Кушнер и развитие отечественной этнографии в 1920-1950-е годы : Дис. ... канд. ист. наук. Москва. 200 с.
- Владимирцов Б.Я. (1934). Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм. Ленинград. АН СССР. 224 с.
- Тишин В.В. (2015). Н.Н. Козьмин и изучение социального строя орхонских тюрков VI-VIII вв . Проблемы востоковедения. №2 (68). С. 83-90.
- Толстов С.П. (1934). Генезис феодализма в кочевых скотоводческих обществах . ИГАИМК Вып. 103. Москва-Ленинград. С. 171-199.
- Ларюэль М. (2006). Теория этноса Льва Гумилева и доктрины западных «новых правых» . Этногр. обозрение. – № 3. – С. 36-43.
- Гумилев Л.Н. (1972). Изменения климата и миграции кочевников . Природа. № 4. С. 44-52.
- Федоров-Давыдов Г.А. (1981). Общественный строй Золотой Орды . Степи Евразии в эпоху Средневековья. Москва, Наука. 191 с.
- Қозыбаев М.Қ. (1998). Тарих зердесі (Замана асуы). Алматы: Ғылым. 344 б.
- Зиманов С. (2009). Политический строй Казахстана первой половины XIX века и Букеевское ханство. Алматы: Арыс. 496 б.
- Акишев К.А. (2013). Древние и средневековые государства на территории Казахстана. Алматы. 192 с.
- Самашев З.С., Джумабекова Г., Базарбаева Г., Онгар А. (2007). Древнее золото Казахстана. Алматы. 160 с.
- Төлеубаев Ә.Т. (2004). Шілікті жазығы – сактардың алғашқы мемлекетінің ту тіккен ордасы . Қазақ тарихынан. Шегіретелер, жазбалар, пікірлер, зерттеулер. Алматы, «Жалын баспасы». Б. 326-334.
- Самашев З., Базарбаева Г., Жумабекова Г., С. Сунгатай. (2000). Берел. Алматы. 56 с.
- Төлеубаев Ә.Т. (2006). Сақ қауымындағы қоғамдық құрылыс және мемлекеттік мәселесі . Мемлекеттілік және Ұлы дала: Халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. Астана. 224 б.
- Хабдуллина М. (2006). Новые подходы в исследовании теории государства . Мемлекеттілік және Ұлы дала: Халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. Астана. 224 б.

References

- Acamba F.M. (1987). Socialno-ekonomicheskie vozzreniya ibn xalduna. [Socio-economic views of Ibn Khaldun] . vseirnaya istoriya ekonomicheskoy mysli: v 6 tomah. Moskva, Mysl,– t. I. 680 s.
- Kogan I.S. (2010). Problemy socialno-ekonomicheskogo stroya kochevykh obshhestv v istoriko-ekonomicheskoy literature (na primere dorevolucionnogo kazaxstana).[Problems of the socio-economic system of nomadic societies in historical and economic literature (on the example of pre-revolutionary Kazakhstan)]. Moskva. S. 102.
- Bobkova M.S. (1999). Istoricheskij metod bodena kak sposob teoreticheskogo osmysleniya proshlogo. [The historical method of Boden as a way of theoretical understanding of the past]. Dialog so vremenem. Almanax intellektualnoj istorii. Vyp. 1. Moskva. s. 184 – 201.

- Tleugabylova K.S., berkinbekova a.m. (2013). Unikalnaya rol kochevnikov v processe razvitiya chelovecheskoj duxovnosti i civilizacii. [The unique role of nomads in the development of human spirituality and civilization]. *Molodoj uchenyj*. №2. s. 291-293.
- Kondorse, Zh.-A. (1936). Eskiz istoricheskoy kartiny progressa chelovecheskogo razuma. [Sketch of the historical picture of the progress of the human mind]. Moskva – Leningrad: Socekiz. – 346 s.
- Vercman I.E. (1976). Zhan-zhak russo. [Jean-Jacques Rousseau]. Moskva, Nauka. – 136 s.
- Smit A. (1993). Issledovanie o prirode i prichinax bogatstva narodov. [Research on the nature and causes of the wealth of peoples]. Moskva: Nauka. 572 s.
- Bartold V.V. (1968). Dvenadcat lekcij po istorii tureckix narodov srednej azii. [Twelve lectures on the history of the Turkish peoples of Central Asia.]. Lekciya. VI. Sochinenie – T.5. Moskva. 568 s.
- Bartold V.V. (1964). Sochinenie. [The writing]. T.2.-ch.2. Moskva. 522 s.
- Oppenheimer F. (1975). The state. N.Y.: Free life editions. 208 r.
- Marx K. (1955). Manifesto of the communist party vol. 4. Moscow: nauka.
- Engels F. (1931). Anti-dühring vol. 14. Moscow. Nauka.
- Engels F. (1986). Origin of the family, private property and the state. Moscow: Politizdat.
- Brajovich S.M. (1982). Karl kautskij – evolyuciya ego vozzrenij. [Karl Kautsky – the evolution of his views.]. – Moskva: Nauka,– 231 s.
- Semenov-Zuser. (1947). Opyt istoriografii skifov. [Scythian historiography experience]. – Harkov: Mistectvo. – 1 t. – 374 s.
- Kareev N.I. (1996). Osnovy russoj sociologii. [Fundamentals of Russian Sociology]. – Sankt-Peterburg, Iz-vo: I. Limbaxa. – s. 261-271.
- Chuloshnikov A.P. (1924). Oчерki po istorii kazak-kirgizskogo naroda v svyazi s obshhimi istoricheskimi sudbami drugix tyurkskix plemen. [Essays on the history of the Kazak-Kyrgyz people in connection with the general historical fate of other Turkic tribes]. Ch.i. orenburg: Kirgizskoe gos. Izd-vo. – 290 s.
- Alymov S.S. (2005). Pavel ivanovich kushner i razvitie otechestvennoj etnografii v 1920-1950-e gody. [Pavel Ivanovich Kushner and the development of domestic ethnography in the 1920-1950s]. dis. Kand. Ist. Nauk. Moskva. 200 c.
- Vladimircov B.Ya. (1934). Obshhestvennyj stroj mongolov. Mongolskij kochevoj feodalizm. [The social system of the Mongols. Mongolian nomadic feudalism]. leningrad. An sssr. 224 s.
- Tishin V.V. (2015). N.n. Kozmin i izuchenie socialnogo stroya orxonskix tyurkov VI-VIII vv. [Kozmin and the study of the social structure of the Orkhon Turks of the 6th-8th centuries]. problemy vostokovedeniya. №2 (68). s. 83-90.
- Tolstov S.P. (1934). Genezis feodalizma v kochevyx skotovodcheskix obshhestvax. [The genesis of feudalism in nomadic cattle-breeding societies]. IGAIMK Vyp. 103. Moskva-leningrad. P. 171-199.
- Laryuel M. (2006). Teoriya etnosa lva gumileva i doktriny zapadnyx «novyx pravyx». [The theory of the ethnos of Lev Gumilyov and the doctrine of the Western «new right»]. Etnogr. Obozrenie. № 3. s. 36-43.
- Gumilev L.N. (1972). Izmeneniya klimata i migracii kochevnikov. [Climate change and nomad migration]. Priroda. № 4. – s. 44-52.
- Fedorov-davydov G.A. (1981). Obshhestvennyj stroj zolotoj ordy. [Social system of the Golden Horde]. Stepi Evrazii v epoxu srednevekovya. – Moskva, Nauka. – 191 s.
- Qozybaev M.Q. (1998). Tarix zerdesi (zamana asuy). [Historiography]. – Almaty: Gylym. – 344 b.
- Zimanov S. (2009). Politicheskij stroj kazaxstana pervoj poloviny xix veka i bukeevskoe xanstvo. [The political system of Kazakhstan in the first half of the 19th century and the Bukeev khanate]. Almaty: Arys. 496 b.
- Akishev K.A. (2013). Drevnie i srednevekovye gosudarstva na territorii kazaxstana. [Ancient and medieval states in Kazakhstan]. Almaty. 192 s.
- Samashev Z.S., Dzhumabekova G., Bazarbaeva G., Ongar A. (2007). Drevnee zoloto kazaxstana. [Ancient gold of Kazakhstan]. Almaty. 160 s.
- Toleubaev A.T. (2004). Shilikti zhazygy – saqtardyn algashqy memleketinin tu tikken ordasy. [Shilikin Valley first Slav rule]. Qazaq tarixynan. Shezhireler, zhazbalar, pikirler, zertteuler. Almaty, «Zhalyn baspasy». b. 326-334.
- Samashev Z., Bazarbaeva G., Zhumabekova G., Sungataj S. (2000). Berel. Almaty. 56 s.
- Toleubaev A.T. (2006). Saq qauymyndagy qogamdyq qurylys zhane memlekettik maselesi. [The problem of statehood and society in the Saka]. Memlekettilik zhane uly dala: xalyqaralyq gylymi konferenciya synyn materialdary. Astana. 224 b.
- Xabdullina M.K. (2006). Novye podxody v issledovanii teorii gosudarstva. [New approaches to the study of the theory of the state]. Memlekettilik zhane uly dala: xalyqaralyq gylymi konferenciya synyn materialdary. Astana. 224 b.